

Арқалық болашақта «ақылды» қала болады

Қаламыздың бүгінде инфрақұрылымы жаңартылып, абаттандырылып, денсаулық, білім, мәдени – спорттық нысандар бой көтеріп, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы қала болып қалыптасып келеді. Енді, заманауи технологияларды қолдана отырып, Арқалықты «ақылды» қала ету жұмысы қолға алынуда.

Бүгінгі өркениет игілігін барынша пайдалану арқылы тұрғындардың өмірін барынша жеңілдету мүмкіндігі бар. Бұл жолда әлемнің және еліміздің кейбір алдыңғы қатардағы дамыған қалалары секілді Арқалықты да



бағытта жұмыс жасайтынымызды анықтайтын боламыз», – деді Азамат СОВХОЗБАЙҰЛЫ.

Барлық қызметке – бір жүйелі төлем

Мегаполистерде, мысалы Астанада барлық коммуналдық қызметтердің ақысы бір жүйе арқылы төленеді. Бізде де осылай жасау қолға алынбақ. Яғни,

де үйлердің кіреберістеріне бейнебақылау қондырғысын, «ақылды жарық шамдарын» қоюға да ыңғайлы болады», – деп атап өтті басқарма басшысы Азамат КАШИЕВ.

Көшелерде ғана емес, көпқабатты тұрғын үйлердің аулалары мен кіреберістеріне де қосымша бейнебақылау орнату арқылы қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға көзделіп отыр. Сондай

«ақылды» қала ету үшін нақты шаралар қабылданбақ. Бұл жайында қала әкімдігінде өткен «SMART ARQALYQ» дөңгелек үстелде жан – жақты талқыланған болатын. Қаламызға арнайы келіп жиын өткізген Қостанай облыстық ақпараттық технологиялар, мемлекеттік қызметтер және мұрағат басқармасының басшысы Азамат КАШИЕВ аталған жобаның маңыздылығын айтты.

«Біз Арқалық қаласының әкімдігімен бірігіп «SMART ARQALYQ» концепциясын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Қаңтар айында облыстық ақпараттық технологиялар, мемлекеттік қызметтер және мұрағат басқармасынан Арқалыққа арнайы жұмыс тобын жіберемін. Жұмыс тобы мекемелермен нысандарды аралап көреді. Одан әрі Арқалықты «ақылды қала» қылу үшін қай

жарық, жылу, су, қоқыс т.б. сынды коммуналдық қызметтерді бірнеше қосымша арқылы немесе әр жерде орналасқан кассаларға барып әуре болмай ақ, онлайн түрде бір ғана жүйе арқылы төлеуге мүмкіндік тұмақ. Осы бағытта тиісті жұмыстар қолға алынатыны айтылды жиында.

Интернет жылдамдығы жақсарады

Дөңгелек үстел барысында қала бойынша ғаламтордың сапасы сын көтермейтіні де айтылды. Бұл мәселе де биылдан қалмай шешімін таппақ.

«Жеті жүз миллион теңге бөлініп, қазақтелеком компаниясы талшықты-оптикалық интернет желісін тартып жатыр. 2026 жылдан бастап әрбір үйде, әрбір пәтерде 500 мегабитке дейін жететін оптикалық интернет болады. Нәтижесін-

көзделіп отыр. Сонда ақ; Азамат Совхозбайұлы түрлі мекемелерге, кәсіпкерлік нысандарына вай-фай құрылғаларын орната отырып, ұялы байланысқа деген жүктемені төмендетіп, интернет сапасын арттыру жоспары барын да жеткізді.

Ауылдарға да сапалы интернет барып жатыр

«Бұл бағытта ауылдарға да көп көңіл аударамын. Екідін, Жаңақала, Қайыңды және Үштөбе ауылдарына 4G қостық. Көктау ауылында ұялы байланыс бар, мобильді интернет жоқ. Аққошқар, Алуа, Матросов сынды шағын ауылдарда байланыс жоқ. Сол ауылдарды қосумен айналысып жатырмыз. Жалпы алғанда Арқалық қаласына қарасты барлық ауылдарда байланыс жақсы», - деді Азамат СОВХОЗБАЙҰЛЫ.